# Басқарушы органнан шартты келісу

**Шартты келісу үшін басқарушы органда келесі рөлдері бар пайдаланушылар болуы тиіс:**

1. **Орындаушы – шартты тексеру және келісу үшін алдымен көрсетілетін тұлға**
2. **Бекітуші – шартты келісу бойынша соңғы шешімді қабылдайтын тұлға**

**Шартты келісу үшін «Орындаушы» рөліндегі пайдаланушыға «МЖӘ кабинеті» мәзіріндегі «УО келісімшартын келісу (конкурстар бойынша)у» бөліміне өту қажет.**




**«Шарттарды келісу» бөлімінде «Жаңа» қойындысында орындаушыға басқарушы органға келісуге жіберілген шарт жобалары көрсетіледі, ал «Барлығы» қойындысында барлық шарт жобалары көрсетіледі. Орындаушыға басқарушы органға келісуге жіберілген шарт жобасымен танысу үшін «Қарау» батырмасын басу қажет.**




**Ашылған шартты келісу нысанында орындаушы басқарушы органға келісуге жіберілген шарт жобасымен таныса алады.**




**Орындаушы шарт жобасымен танысып, оны келісуге немесе дұрыс емес деп тануына байланысты келіспеуге дайын болған сәтте, міндетті түрде «Келісу хаты» жолына келісу хатын тіркеуі қажет. Одан кейін «Әрекет» жолында «Келісілді» немесе «Келісілмеді» шешімін таңдап, «Келісушіні таңдау» жолында шартты келісу бойынша соңғы шешімді қабылдайтын бекітушіні көрсетуі тиіс. Орындаушы аталған әрекеттердің барлығын орындағаннан кейін «Жіберу» батырмасын басуы қажет.**




**Шартты түпкілікті келісу үшін бекітушіге «МЖӘ кабинеті» мәзіріндегі «БО шартын келісу» бөліміне өту қажет.**




**«Шартты келісу» бөлімінде «Жаңа» қойындысында бекітушіге орындаушыдан келісуге жіберілген жаңа шарт жобалары көрсетіледі. «Барлығы» қойындысында барлық шарт жобалары көрсетіледі. Орындаушыдан келісуге жіберілген шарт жобасымен танысу үшін бекітушіге «Қарау» батырмасын басу қажет.**




**Ашылған шартты келісу нысанында бекітуші басқарушы органға келісуге жіберілген шарт жобасымен таныса алады, орындаушы тіркеген келісу хатын қарап, содан кейін түпкілікті шешім қабылдай алады.**




**Егер бекітуші орындаушымен келіспесе, онда ол «Келісу бойынша ескерту» жолын толтырып, «Әрекет» жолында «Келісілмеді» деген шешімді таңдап, «Орындаушыға қайтару» батырмасын басуы қажет.**




**Егер бекітуші орындаушымен келіссе, онда ол «Әрекет» жолында «Келісілді» деген шешімді таңдап, «Ұйымдастырушыға жіберу» батырмасын басуы қажет.**




**Бекітуші шарт жобасын келісіп, ұйымдастырушыға жіберген сәттен бастап, шарт жобасы басқарушы орган тарапынан келісілген болып есептеледі.**